


КЕЛІСІМШАРТ

АТАЕВА Ж., ИБРАИМОВА А.

Келісім-шарт

▶ сыртқы саудада бір жақ (сатушы, лицензиар) келісімшартта көрсетілген мүлікті (тауарды), ғылыми-техникалық білімді екінші жақтың меншігіне (алушы, лицензиат) беруге міндеттенетінін, ал екінші жақ өз кезегінде бұл мүлікті немесе білімді көрсетілген мерзімде алып, белгіленген бойынша төлеуге міндеттенетінін көрсететін құжат.



Келісімшарттың ерекше талаптары

- ▶ 2.1. Осы Келісімшарттың әрекет ету кезеңінде өндірілген барлық өнім, оның ішінде интеллектуалдық сипаттағы өнім де ұйымның жекеменшігі болып табылады. Келісімшарт бойынша жұмыс уақытында жұмысшы басқа ұйымдармен мұндай келісімшарттар жасамауға міндетті.

- ▶ 2.2. Қызметкер осы Келісімшарт әрекет ететін уақыт кезінде және ол бұзылғаннан кейін де 5 жыл бойы ұйымда жұмыс істеген кезінде өзіне белгілі болған коммерциялық құпия болып табылатын төмендегідей деректерді құпия сақтауға міндеттенеді:
 - ұйымдағы заңдық, техникалық және арнайы құжаттама, оның ішінде статистикалық ақпарат;
 - ұйымның, сондай-ақ іскери серіктестерінің қаржылық операцияларына қатысты мәліметтер;
 - өз міндеттеріне тікелей, оның ішінде өзіне бекітілген ақшалай сыйақы мөлшеріне қатысты мәліметтер;
 - ұйым және оның серіктестерінің қызметіне қатысты, ұйымның жекеменшігі болып табылатын олар жасап жатқан ғылыми, техникалық, заңдық, коммерциялық және басқа да жаңалықтар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның қызметкерлері туралы мәліметтер.

▶ **№ (номер) КЕЛІСІМШАРТ**

▶ (ерекше шарттары бар еңбек келісімі)

(күні.айы.жылы)ж. жасалған.
(күні.айы.жылы)ж. №. (номер) бұйрық
Келісімшарт мерзімі (келісімшарт мерзімі)
(күні.айы.жылы)ж. бұзылған.
(күні.айы.жылы) ж. №. (номер) бұйрық

(ұйымның толық атауы) (номер) (Жарғы, ереже, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және Азаматтық Кодексі) негізінде әрекет ететін (лауазымы) (аты-жөні) атынан, бір жақтан, және (аты-жөні) жеке куәлік № (номер), (орган) берген (мекенжай) мекенжайында тұратын, білімі – (жоғары), әрі қарай «Қызметкер» деп аталады, екінші жақтан, төмендегілер туралы осы Келісімшартты жасасты:

1. Жалпы ережелер

1.1. Ұйым тапсырады, ал қызметкер ұйым үшін ұйымда қолданыстағы жұмысқа тұру туралы бұйрыққа байланысты тәртіпте, көлемде және кесте бойынша тапсырылған жұмысты орындауға міндеттенеді.

Қызметкер (бас маман) лауазымына қабылданады және оның міндеттеріне мыналар кіреді:(міндеттері)

1.2. Қызметкер ұйым басшысының және басқа да лауазымды тұлғалардың өкімдерін бұлжытпай орындауға міндеттенеді. Қызметкер өз міндеттерін мына жерде (жұмыс орнын көрсетіңіз): (жұмыс орны) және қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес орындайды.

1.3. Қызметкер еңбек қауіпсіздігі техникасын, өртке қарсы және санитарлық індетке қарсы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға міндеттенеді.

1.4. Келісімшарттың әрекет ету мерзімі (келісімшарт мерзімі).

Шарт мынадай жағдайларда жасалады

1. Жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелер:

- ▶ а) тұрғын үйді сатып алу — сату туралы;
- ▶ ә) тұрғын үйді сыйға беру туралы;
- ▶ б) тұрғын үйді ауыстыру туралы.

2. Жер учаскелері туралы мәмілелер:

- ▶ а) жер учаскесін сыйға беру туралы келісім-шарт;
- ▶ ә) жер учаскесін ауыстыру туралы келісім-шарт;
- ▶ б) жер учаскесін сатып алу - сату туралы келісім-шарт.

3. Көлік құралдары жөніндегі мәмілелер:

- ▶ а) автокөлікті сатып алу — сату жөніндегі келісім-шарт;
- ▶ ә) автокөлікті залогқа беру жөніндегі келісім-шарт;
- ▶ б) автокөлікті сыйға беру жөніндегі келісім-шарт.

4. Ақша қаражатын заемға алу — заемға беру жөніндегі мәмілелер:

- ▶ а) процент төлеу арқылы ақша алу туралы келісім-шарт;
- ▶ ә) айып төлеу арқылы ақша алу туралы келісім-шарт.^{[1] [2]}

Тараптардың міндеттері

3.1. Ұйым қызметкерге қажетті жұмыс орнын, қажетті құрал-жабдықтарды, анықтамалық және ақпараттық материалдарды ұсынуға міндеттенеді.

3.2. Жұмыстың ерекшелігін есепке ала отырып, ұйым (күндер) күндерде қызметкер міндетті түрде келуі тиіс деп санайды ал басқа күндері ұйым қызметкердің басқа ұйымда жұмыс істейтіндігіне келісім береді.

3.3. Ұйым қызметкерге ұсынған жұмыс орнында еңбек заңнамасының және қауіпсіздік техникасының бекітілген нормаларына сәйкес қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, қызметкерді ішкі тәртіп ережелерімен, еңбекті қорғау жөніндегі талаптармен және қызметкердің лауазымдық міндеттемелерін орындауға қажетті басқа да ережелермен таныстыруға міндеттенеді.

3.4. Қажет болған жағдайда ұйым қызметкерді ұйым қаржысы есебінен де, сондай-ақ қызметкердің өз қаржысы есебінен де біліктілігін арттыруға жіберуі мүмкін.